

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 4 желтоқсан N 1855

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 шілдедегі N 796 р990796_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 8-жолдағы, 3-бағандағы "642,8" деген сан "1285" деген санмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 9-жолдағы, 4-бағандағы "ҚР Бас прокуратурасы" деген сөздер "Сыртқы істер министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 11-жолдағы, 4-бағандағы "Ғылыммині" деген сөз "Президенттің Іс Басқармасының резерві" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 12-жолдағы, 4-бағандағы "Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттік" деген сөздер "Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 13-жолдағы, 4-бағандағы "Іс Басқармасының резерві"

деген сөздер "Қазақстан СМСО" РМК-нің Астанадағы филиалы" деген сөздермен ауыстырылсын:

реттік нөмірі 14-жолда:

3-бағандағы "1295" деген сан "423" деген санмен ауыстырылсын;

4-бағандағы "Іс Басқармасының резерві" деген сөздер "Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 17-жолдағы, 4-бағандағы, "Іс Басқармасының резерві (2-қабат), Әскери прокуратура (1-қабат) деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29-жолдармен толықтырылсын:

"19 Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті,

1151 Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті

Әуезов көшесі, 36

қолдау жөніндегі агенттік

- 20 Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Абай көшесі, 92 2107 Мемлекеттік қызмет академиясы
- 21 Білім және ғылым министрлігі, Әуезов көшесі, 126 956 Туризм және спорт жөніндегі агенттік 520 Президенттің Іс Басқармасының резерві
- 22 Әкімшілік ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 2 6081,7 Президенттің Іс Басқармасы (балансқа), Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік
- 23 Білім және ғылым министрлігі, Кенесары көшесі, 83 1708 Президенттің Іс Басқармасының резерві
- 24 Әкімшілік ғимараты, Республика даңғылы, 60 2500 Білім және ғылым министрлігі
- 25 Әкімшілік ғимараты, Абай көшесі, 48 1252 Президенттің Іс Басқармасының резерві
- 26 Әкімшілік ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 57 1006 Әскери прокуратура
- 27 Әкімшілік ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 10 1581 Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
- 28 Әкімшілік ғимараты, Абай көшесі, 37а 720 Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві
- 29 Әкімшілік ғимараты, Абай көшесі, 45 368 Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.